



«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№69 орта мектебі» КММ-нің директоры А. Алиевке

ХАБАРЛАМА

Арал ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі (бұдан әрі-бөлім), Сізге Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 144-2 бабы, 1-тармағына сәйкес, сонымен қатар бөлімнің 2025 жылғы I-ші жартыжылдығына арналған өрт қауіпсіздігі саласындағы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жартыжылдық тізімі негізінде, Арал ауданы, Сапақ ауылы, Сапақ №87 мекенжайда орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№69 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараттарына бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау өткізілетінін хабарлайды.

Профилактикалық бақылау жұмыстарын 2025 жылғы 31 наурыздан бастап жүргізу жоспарлануда.

Профилактикалық бақылау жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндетті талаптары, тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» № 188-V Заңы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» №55 Бұйрығы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар техникалық регламенттерін бекіту туралы» № 405 Бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 154-бабына сәйкес, Сізге профилактикалық бақылау жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілген бөлім қызметкерлеріне ұйымның аумағына, ғимараттарына, орын-жайларына кедергісіз өтуді, тексерудің мәніне қатысты сұратылған мәліметтер мен құжаттарды уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету қажет. Бақылаушы ұйымның лауазымды қызметкеріне өз қызметтік міндеттерін орындауға негізсіз кедергі жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» № 235-V Кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік инспектордың әрекеттерімен келіспеген жағдайда Сіз төменде көрсетілген байланыс телефондары арқылы хабарласа аласыз:

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Дағдарыс жағдайларында басқару басқармасы: 8 (7242) 24-40-76, электрондық мекенжайы od_dchs_kyzl@emer.kz;

Жеке құрам бойынша инспектор: 8 (7242) 70-03-15, электрондық мекенжайы is_dchs_kyzl@emer.kz.

**Арал ауданының Төтенше
жағдайлар бөлімінің бастығы
азаматтық қорғау майоры**



А. Сыдықов

Хабарламамен таныстым:

(лауазымы, аты-жөні, қолы)

М.О.

«__» _____ 2025 ЖЫЛ